

Өскемен қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 46 қаулысы.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 13-бабының 5) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Глубокое ауданының жалпы ауданы 94,8173 гектар жерлерінің бір бөлігін Өскемен қаласының шегіне қосу жолымен Өскемен қаласының әкімшілік шекарасын өзгерту туралы "Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Глубокое ауданының әкімшілік шекараларын өзгерту туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісуге енгізу туралы" Шығыс Қазақстан о б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң

2017 жылғы 6 қазандағы № 14/168-VI шешіміне және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 248 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 8 ақпандағы
№ 46 қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы жерлерінің Өскемен қаласының шегіне қосылатын бөлігінің экспликациясы

Атауы		Өскемен қаласының шегіне қосылатын жерлер ауданы (гектар)	Оның ішінде:		
аудан	ауылдық округ		елді мекендердің жерлері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер
Глубокое	Бобровка	94,8173	18,9429	8,513	67,3614
Барлық жерлер:		94,8173			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК